

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.2 – Б.296-298

ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Койтанова А. Ж., Койтанова Ж.

Туризм бағыттарының ішінде өзін айқын көрсетіп, маңыздылығы жағынан алдыңғы қатарда тұрған ерекше түрі – экологиялық туризм. Экологиялық туризмнің басқа туризм түрлеріне қарағанда табиғи ортаға әлсіз әсеріне және кең дамыған инфрақұрылымды қажет етпейтініне қарамастан, осы бағыттың дамуы күрделі қиындықтарға ұшырауда, ол рекреациялық-туристік инфрақұрылымның көп бөлігінің әлі қалыптасу кезеңінде болуына байланысты. Экологиялық туризмнің басқа туризмдерден принциптік айырмашылығы – табиғатта туристердің берілген тәртіпке бағынуы, табиғи ландшафттарды шамадан тыс ластаудан қорғау және индустриялық туризм дамуының басты шарты болып табылатын табиғи ресурстардың деградациясын болдырмау.

Болашақта туризм нарығында экологиялық туризмнің үлесі 50-60 -ға жетеді деген болжам бар. Қазіргі әлемде туристік сапарлардың ұлғаю саны ел ішінде, сондай-ақ шет елдерге бару қолайлығының артуымен, туристер үшін басқа мемлекеттер шекараларының ашылуымен, барған жерлердің тілі мен дәстүрлерін білу қажеттілігінің төмен болғанымен байланысты.[1]

Экологиялық туризм түсінігі мен оның әлемдік әлеуетін анықтау жылы Дүниежүзілік туристік ұйымның сарапшыларымен нақтыланды. Зерттеу барысында келесі міндеттер қойылды:

- бұл нарық көлемін бағалау мақсатымен бар зерттеулердің нәтижелерін жинау;
- экотуризмге сұраныс тенденциясын зерттеу мақсатында барлық мемлекеттер үшін бірыңғай сауалнама әзірлеу негізінде тұтынушыларға сұрау жүргізу;
- экотуризм түсінігі.

Туризм саласындағы мамандардың ойы бойынша экологиялық туризм, соның ішінде Қазақстан үшін кіру туризмі қолайлы, сондықтан мотивтерді зерттеу, Қазақстанның туризм бизнесі үшін шетелдік туристердің қажеттіліктерін білу қажет.

Экотуристер үшін Қазақстанның әрбір аймағы қызығырақ болып келеді. Себебі ландшафтық территориялар бізде жеткілікті және әр түрлі. Сонымен қоса, С.Р.Ердаuletованың пікірі бойынша, Оңтүстік Қазақстан қолайлы болып келеді. Оған келесі белгілер тиесілі: жаз мезгілінің ұзақ болуы, әдемі таулы рельефтердің болуы, ірі өзендердің болуы, ормандық алқаптардың болуы, экскурсиялық объектілердің болуы (1 кесте) [2]. Бұл пікірге Б. Тасболат, А.Н. Пыхарев, М.Д. Мамадияровта қосылады [3].

1 кесте – Туризм үшін ҚР аймақтарын табиғи ландшафттардың тартымдылығы деңгейі бойынша жіктеу

	Қазақстан Республикасының облыстары	Тартымдылықты балдық бағалау
	Оңтүстік Қазақстан	27
1	Алматы	29
2	Жамбыл	26
3	Қызылорда	25
4	Оңтүстік Қазақстан	28
	Шығыс Қазақстан	26
5	Шығыс Қазақстан	26
	Солтүстік Қазақстан	26
6	Ақмола	28
7	Қостанай	25
8	Павлодар	26
9	Солтүстік Қазақстан	25
	Орталық Қазақстан	14
10	Қарағанды	14
	Батыс Қазақстан	13
11	Ақтөбе	14
12	Атырау	11
13	Батыс Қазақстан	15
14	Маңғыстау	12

Аймақтың ландшафтын бағалауы орта есеппен 27 баллды құрайды. Соның ішінде: жер бедерін бағалау – 13 балл, ормандар – 6 балл, сулар – 5 балл және басқа да объектілер – 3 баллды құрайды. «Іле Алатауы», «Алтын Емел» (Алматы облысы), «Ақсу-Жабағылы» (Оңтүстік Қазақстан облысы) сияқты мемлекеттік ұлттық саябақтары ландшафттары өте тартымды болып келеді.

Аймақ ішінде бірінші орында Алматы облысы. Табиғи ресурстар жағынан екінші орында Оңтүстік Қазақстан облысы, одан кейін Жамбыл және Қызылорда облыстары.

Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында табиғи факторлары өте жоғары бағаланғанымен, қосымша тартымды объектілері жоқ. Шығыс Қазақстанның таулы аймақтары ең жоғарғы 4 баллды алды. Аймақтық баллдардың жалпы соммасы 26 баллды құрады. Соның ішінде: рельеф – 12 балл, сулар – 8 балл, ормандар – 6 баллды құрайды. Жоғарғы Бұқтарма аймағы ландшафтының тартымдылығымен ерекшеленеді. Территорияда Катон-Қарағай, Берел, Рахман бұлағы курорты, Марқакөл көлі орналасқан.

Ең жоғарғы бағаны Солтүстік Қазақстанның ұсақ алқаптары алды. Оған тиесілі: әр түрлі үлкен рельефтер, сулар, таулы ормандар және тау етегіндегі ландшафтық аймақ. Солтүстік Қазақстанның орташа бағасы 26 баллды құрайды, соның ішінде: 10 балл рельефке, суларға, 6 балл орманға тиесілі. Дегенмен жергілікті ішкі табиғи мүмкіндіктер әр түрлі болып келеді. С.Р.

Ердаuletовтың пікірі бойынша, ең жоғарғы ресурс Ақмола обласына тиесілі, бұл территорияда Щучинск-Боровой курорттық зона, Қорғалжын қорығы орналасқан. Төмен көрсеткіш Павлодар облысына тиесілі, территорияда Баянауыл таулы алқап және Ертіс өзені орналасқан. Солтүстік Қазақстанға және Қостанай облысына 26 және 25 балл тиесілі.

Табиғи ресурстардың әр түрлілігі бойынша Орталық Қазақстан (14 балл) және Батыс Қазақстан (13 балл) орналасқан. Орташа бағаны таулы және тау етегіндегі ландшафты Қарағанды облысына тиесілі. Территориясына негізі Қарқаралы таулы алқабы кіреді. Рельеф 7 балға бағаланды, суы 5 балл, орманы 2 балл. Каспий теңізінің арқасында Батыс Қазақстан аймағында 8 балға бағаланды, жергілікті контрасттық рельеф 5 балл.

Шетелдік экотуристердің қажеттілігін зерттеу барысында мынадай нәтиже көрсетті: тек табиғи ресурстарымен шектелмейді. Ең маңыздысы қазақтардың салт-дәстүрімен байланыстырып этноауылдарды ашу және жақсы гидтерді дайындау.

Әдебиеттер тізімі

1. Problems and Perspectives of Development of Tourism in the Period of Market Economy (Case Republic of Kazakhstan), Seidahmetov, Marat; Aidarova, Aina; Abishov, Nurzhan//3RD CYPRUS INTERNATIONAL CONFERENCE ON EDUCATIONAL RESEARCH (CY-ICER 2014), Серия книг:Procedia Social and Behavioral Sciences, Том: 143, С: 251-255, 2014

2. Ердаuletов С.Р. География туризма Казахстана. – Алма-Ата: Гылым, 1992. – 102 с.

3. Тасболат Б., Пыхарев А.Н., Мамадияров М.Д. География туризма: потенциал туристско-рекреационных ресурсов Великого Шелкового пути (Южно-Казахстанская область). – Шымкент: ЮКГУ им. М. Ауэзова, 2007. – С. 31.